

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



«БЕКІТЕМІН»

«Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті» КеАҚ
Ғылыми кеңес мәжілісінің
01.07.2024 жылғы №11 хаттамасы
Ғылыми кеңес төрағасы



Б. Тілеп

Бұйрық №

05-Д4/505

07 2024 ж.

«Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті»
коммерциялық емес акционерлік қоғамының
Диссертациялық кеңес туралы

Е Р Е Ж Е С І

Көшірме	Код	Басылым	Әзірлеген	Келісілді	Келісілді
	Е КазНПУ 5001-22	Алтыншы	ҒЗЖ және ғылыми кадрларды даярлау басқармасының бастығы Г.Баймбетова	Академиялық қызмет жөніндегі проректор Б.Нарбекова	Зерттеу қызметі және инновация жөніндегі проректор Е.Сұлтан
				Қаржы және инфрақұрылымды дамыту жөніндегі проректор К.Аменова	Ғылым департаментінің директоры Ұ.Әбдігапбарова
				Ректор аппаратының басшысы Ж.Ішпекбаев	Заң жұмысы және сатып алуды ұйымдастыру басқармасының бастығы А.Желдыбаева

Алматы, 2024 ж.

«БЕКІТЕМІН»
«Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті» КеАҚ
Ғылыми кеңес мәжілісінің
01.07.2024 жылғы №11 хаттамасы
Басқарма Төрағасы – Ректор
бұйрығы
№ 05-04/505
« 04 » 04 2024 ж.

1. Жалпы ережелер

1.1. Диссертациялық кеңестер өз қызметінде:

Қазақстан Республикасы (бұдан әрі – ҚР) Конституциясын (30.08.1995 ж.),

– «Білім туралы» Заңын (27.07.2007 ж. 2021 жылғы 31 наурызындағы №319-III бұйрығына енгізілген өзгертулер мен толықтырулар),

– «Ғылым туралы» Заңын (18.02.2011 ж.),

– ҚР Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы №126 бұйрығымен бекітілген «Диссертациялық Кеңес туралы үлгілік ережесін» (ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 14 маусымдағы №294 бұйрығымен енгізілген өзгертулер мен толықтырулар),

– ҚР Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы №127 бұйрығымен бекітілген «Дәрежелерді беру қағидаларын» (ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 9 қаңтардағы №7 бұйрығымен енгізілген өзгертулер мен толықтырулар),

– ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бұйрығымен бекітілген «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары» мен осы Ережені басшылыққа алады.

1.2. Ережеде мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) *диссертациялық кеңестер* – докторанттардың диссертациялық жұмыстарын қорғауды жүргізетін жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары (бұдан әрі – ЖЖОКБҰ) жанындағы алқалы органдар.

2) *диссертация* – философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор даярлаудың білім беру бағдарламасының шеңберінде нақты мамандық бойынша Қазақстан Республикасында немесе шет елде қорғалған біліктілікті айқындайтын ғылыми жұмыс.

3) *философия докторы (PhD)* – ғылыми-педагогикалық бағыт бойынша докторантура бағдарламасын меңгерген және Қазақстан Республикасында немесе одан тысқары жерлерде диссертация қорғаған адамдарға берілетін, «Білім туралы» Заңда белгіленген тәртіппен танылған дәреже.

4) *диссертациялық кеңес комиссиясы* – диссертацияда докторанттың авторы мен дереккөзіне сілтеме жасалмаған материалды пайдаланғанын (плагиат) тексеру үшін диссертациялық кеңес мүшелерінен құралған комиссия.

5) *плагиат* – бөтен туындыны тұтастай немесе оның бір бөлігін қасақана өз авторлығына иемдену, сондай-ақ, құжат мәтініндегі материалды бұрын жарияланған құжаттардағы авторға және (немесе) дереккөзге сілтеме жасалған немесе сілтеме жасалмаған күнде өз материалы ретінде көрсету, шеттен алынған материалдардың көлемі мен сипаты орындалған жұмыстың дербестігіне күмән келтіретін мәтін.

6) *Хирш индексі* – жарияланымдар саны мен дәйексөздер санына негізделген ғалым, ғалымдар тобы, ғылыми ұйым немесе елдің жалпы өнімділігінің ғылыми өлшемдік көрсеткіші.

7) *апелляциялық комиссия* – диссертацияларды қорғау нәтижелері бойынша даулы мәселелерді шешу мақсатында құрылған орган.

2. Диссертациялық кеңестердің қызметін ұйымдастыру

2.1. Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің диссертациялық кеңестерін (бұдан әрі – Абай атындағы ҚазҰПУ) университет өз алдына дербес түрде күнтізбелік 3 (үш) жылға құрылады және докторантура кадрларын даярлаудың тиісті бағыттары бойынша:

1) докторантура бағдарламасы бойынша білім беру қызметін жүргізуге арналған лицензия және (немесе) лицензияға қосымша;

2) "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 22-бабының 2-тармағына сәйкес соңғы 3 (үш) жылда Жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларының тізіліміндегі докторантураның білім беру бағдарламалары;

3) кемінде 3 (үш) жыл мерзімге аккредиттелген және Министрлік туралы ереженің 15-тармағының 21) тармақшасына сәйкес Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының аккредиттелген білім беру бағдарламаларының тізіліміне енгізілген докторантураның білім беру бағдарламалары;

4) Министрлік туралы ереженің 15-тармағының 3) тармақшасына сәйкес оқытудың 1 (бірінші), 2 (екінші) және 3 (үшінші)-жылына даярлау бағыты бойынша бөлінген мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде білім алушылардың контингенті болған жағдайда жұмыс істейді.

2.1-1. Консорциалдық келісім болған жағдайда ЖЖОКБҰ-ның (бұдан әрі – әріптес ЖЖОКБҰ) мыналары бар:

1) ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектісі ретінде аккредиттелуі;

2) әріптес ЖЖОКБҰ докторанттары қатысатын мемлекеттік бюджеттен бағдарламалық-нысаналы немесе гранттық қаржыландыру шеңберінде соңғы 3 (үш) жылда докторантура кадрларын даярлаудың тиісті бағыттары бойынша орындалып жатқан немесе орындалған жобалары;

3) осы Ереженің 2.3-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген халықаралық рецензияланатын басылымдарда жарияланымдары бар даярлау бағыты бойынша кемінде 3 ғалым болған жағдайда жұмыс істейді.

4) тиісті немесе аралас даярлау бағыты бойынша әріптес ЖЖОКБҰ-ның білім беру процесіне қатысатын кемінде 3 (үш) ғалымы ғылыми ұйымдармен бірлесіп, диссертациялық кеңестер құруына жол беріледі.

Ғылыми ұйыммен бірлескен диссертациялық кеңес құру туралы өтінімді әріптес ЖЖОКБҰ береді.

Диссертациялық кеңестер осы ереженің 2.1 немесе 2.1-1 тармақтарының талаптарына сәйкестігі туралы Комитетті хабардар ете отырып, 3 (үш) жұмыс күні ішінде дербес құрылады. Диссертациялық кеңес құру туралы ақпарат ректордың бұйрығы шыққан күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде университеттің интернет-ресурсында орналастырылады.

2.2. Диссертациялық кеңестің құрамы 7 (жеті) адамнан аспауы тиіс. Диссертациялық кеңестің барлық мүшелерінде ғылыми дәрежесі (ғылым кандидаты, ғылым докторы, философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор) немесе философия докторы (PhD) дәрежесі болуы міндетті.

Диссертациялық кеңестің кемінде 3 (үш) мүшесі басқа ЖЖОКБҰ-лардың, ғылыми және (немесе) басқа да ұйымдардың өкілдері болып табылады.

Диссертациялық кеңестің құрамында 4 (төрт) мүшесі оның ішінде төраға, төраға орынбасары және ғалым хатшы **тұрақты** мүшелер болып табылады.

Диссертациялық кеңестің құрамында кеңестің 3 (үш) мүшесі докторлық зерттеу тақырыбына байланысты докторанттың қорғау кезеңіне уақытша тағайындалады.

Бұл ретте 8D01 Педагогикалық ғылымдар, 8D02 Өнер және гуманитарлық ғылымдар білім беру салалары үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 127 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6951 болып тіркелген) бекітілген Дәрежелерді беру қағидаларының 6-тармағына сәйкес халықаралық рецензияланатын басылымдарда мақаласы жоқ докторант қорғайтын жағдайда, диссертациялық кеңестің уақытша құрамына докторанттың диссертациялық жұмысына пікір беретін 1 (бір) **шетелдік ғалым** тартылады. Шетелдік ғалым келесі талаптардың біріне сәйкес келеді:

1) шетелдік ғалымның жұмыс орны Academic Ranking of World Universities немесе Times Higher Education World University Rankings немесе US News Best Global Universities Rankings халықаралық рейтингінің топ-500 (бес жүз) құрамына кіретін университет болып табылады;

2) шетелдік ғалым соңғы 5 (бес) жылда Web of Science Core Collection (Arts and Humanities Citation Index, Social Sciences Citation Index бөлімдері) деректер базаларында индекстелетін журналдарда кемінде 2 (екі) мақала және (немесе) шолу жариялаған;

3) шетелдік ғалымда Elsevier, Brill, CRC Press, DeGruyter, Edward Elgar Publishing, John Wiley & Sons, McGraw Hill, Palgrave Macmillan, Peter Lang, Prentice Hall, Routledge, Sage Publications, Springer Nature, Taylor and Francis, Wolters Kluwer баспаларында (бұдан әрі – сенімді баспалар) немесе US News Best Global Universities Rankings немесе Academic Ranking of World Universities немесе Times Higher Education World University топ-100 (жүз) рейтингіндегі университет баспасында шығарылған монографиясы бар.

Диссертациялық кеңестің уақытша мүшелері ретінде докторанттың ғылыми кеңесшілері, сондай-ақ докторантпен және оның ғылыми кеңесшісімен үлестес тұлғалар:

1) жақын туыстары – ата-анасы, балалары, асырап алушылары, асырап алған балалары, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек ағалы-інділер мен апалы-сіңлілер (аға-қарындастар), қарындастары, аталары, әжелері, немерелері;

2) диссертация орындалған және (немесе) докторант тапсырыс беруші немесе орындаушы (тең орындаушы) болып табылатын ғылыми зерттеу жұмыстары жүргізілген ЖЖОКБҰ-ның және (немесе) ғылыми ұйымдардың құрылымдық бөлімшелерінің басшылары және қызметкерлері;

3) соңғы 3 (үш) жыл ішінде бірге жариялаған мақалалар және шолулар тең авторлары тағайындалмайды;

4) соңғы 3 (үш) жылда диссертацияның мазмұны бойынша Комитеттің теріс шешімін алған диссертациялар бойынша оң қорытынды берген ғылыми кеңесшілер немесе ресми рецензенттер болған мамандар тағайындалмайды.

2.2-1. Абай атындағы ҚазҰПУ жанындағы диссертациялық кеңестердің құрамында кеңес мүшелерінің бірі шетелдік ғалым болып табылады. Диссертациялық Кеңес мүшелерінің жарияланымдарына қойылатын талаптарды университет 2.3-тармаққа сәйкес дербес белгілейді.

2.3. Диссертациялық кеңестің кемінде 4 (төрт) мүшесінде халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдарда жарияланымдары болуы тиіс (*1 - Қосымша*):

1) 8D05 Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика, 8D06 Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар кадрларды даярлау бағыттары бойынша даярлау бағыттарына сәйкес келетін ең болмағанда бір ғылыми салалары бойынша соңғы 5 (бес)

жылда Clarivate Analytics компаниясының JCR деректері бойынша алғашқы үш квартильге кіретін немесе Scopus деректер базасында CiteScore бойынша процентиль көрсеткіші кемінде 35 (отыз бес) болатын басылымдарда кемінде 3 (үш) жарияланым;

2) 8D01 Педагогикалық ғылымдары, 8D02 Өнер және гуманитарлық ғылымдар, 8D03 Әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат кадрларды даярлау бағыттары бойынша соңғы 5 (бес) жылда Web of Science Core Collection (Arts and Humanities Citation Index бөлімдері), Science Citation Index Expanded, Social Sciences Citation Index деректер базасында индекстелетін және Clarivate Analytics компаниясының JCR деректеріне сәйкес алғашқы үш квартильге кіретін немесе Scopus деректер базасында CiteScore бойынша процентиль көрсеткіші кемінде 35 (отыз бес) болатын басылымдарда кадрларды даярлау бағыттарына сәйкес келетін ғылыми салалардың бірі бойынша кемінде 2 (екі) жарияланым.

Халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдарда 2 (екі) ғылыми мақала ретінде соңғы 5 (бес) жылда – сенімді баспаларда немесе US News Best Global Universities Rankings немесе Academic Ranking of World Universities немесе Times Higher Education World University топ-100 рейтингіндегі университет баспасында шығарылған **монография** ескеріледі. Жоғарыда көрсетілген монографияда тарау болған жағдайда (ізденушіге кемінде 3 баспа табағы тиесілі) ол халықаралық рецензияланатын ғылыми журналда 1 (бір) мақала ретінде есепке алынады.

2.4. Диссертациялық Кеңес мүшелерін бекіту үшін ҒЗЖ және ғылыми кадрларды даярлау басқармасы тиісті бағыт бойынша AuthorID, ResearcherID, PublonsID, ORCID халықаралық мәліметтер базасында тіркелген жетекші ғалымдар арасынан деректер базасын құрады.

Диссертациялық Кеңестің тұрақты мүшелері аталған деректер қорынан ғылыми метрикалық көрсеткіштері ең жоғары ғалымдар арасынан, ал уақытша мүшелері қорғауға ұсынылған диссертациялық жұмыстың кілт сөздері бойынша (докторлық зерттеу тақырыбына байланысты), сонымен қатар ең жоғары ғылымметрикалық көрсеткіштері бар ғалымдар арасынан тағайындалады.

2.5. Диссертациялық кеңестің құрамына:

- 1) Абай атындағы ҚазҰПУ ректоры, проректорлары, ғылым департаментінің директоры, факультет декандары;
- 2) ҚР ғылым және жоғары білім министрлігінің қызметкерлері;
- 3) соңғы 5 (бес) жылда Комитеттің теріс шешімін алған Қазақстан Республикасында және одан тыс жерлерде қорғалған диссертациялар бойынша ғылыми кеңесшілер, жетекшілер болған мамандар кірмейді.

2.6. Диссертациялық кеңестің тұрақты мүшелері (төраға, төраға орынбасары және ғалым хатшы), сондай-ақ құрамындағы өзгерістер университеттің Ғылыми кеңесінің шешімі негізінде Абай атындағы ҚазҰПУ ректорының бұйрығымен бекітіледі.

2.7. Университет қамтамасыз етеді:

1) диссертациялық кеңестің отырыстарын және диссертацияларды ашық түрде қорғауды өткізу үшін қажетті жағдайлармен, оның ішінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (интернет, бейнекамера, веб-камера), бағдарламалық және техникалық құралдарды пайдалану арқылы;

2) диссертациялардың мәтінді пайдалануды анықтаудың лицензиялық жүйелерінде, оның ішінде халықаралық деректер базалары бойынша тексерілуін қамтамасыз етеді.

3) диссертациялық кеңестің қызметіне байланысты шығындарды, оның ішінде диссертациялық кеңес мүшелері мен рецензенттердің еңбекақысымен іссапар шығындары университет есебінен өтеледі (2-қосымша);

2.8. Нақты білім беру бағдарламасы (мамандық) бойынша диссертациялық кеңестің жабылуына мыналар негіз болады:

- 1) докторантураның тиісті кадрлар даярлау бағыты бойынша білім беру қызметімен айналысуға берілген лицензиясынан айыру;
- 2) докторантураның білім беру бағдарламасының аккредиттеу мерзімінің аяқталуы.
- 3) осы ережеде белгіленген талаптардың бұзылуы анықталған 5 (бес) қорғаудың өткізуі;

Диссертациялық кеңес жабылғаннан кейін осы кеңесті білім беру бағдарламалары бойынша құру туралы өтінім 1 (бір) жылдан кейін беріледі.

Диссертациялық кеңестің осы ережеде белгіленген талаптарды бұзуы диссертациялық кеңестің тұрақты құрамын ауыстыруға негіз болады (3 (үш) қорғау бұзушылықтармен өткен жағдайда).

2.9. Жолданым/шағым болған жағдайда Комитет тиісті диссертациялық жұмысты және диссертациялық кеңесте өткен қорғау рәсімін тексереді.

3. Диссертациялық жұмысын қорғауға ұсыну формасы және философия докторы (PhD) дәрежесін беру тәртібі

3.1 Диссертация екі форманың бірінде ұсынылады:

- 1) диссертациялық жұмыс түрінде;
- 2) Clarivate Analytics компаниясының Journal Citation Reports деректеріне сәйкес импакт-фактор бойынша бірінші және / немесе екінші квартильге кіретін басылымдарда жарияланған кемінде екі мақала және бір шолу түрінде немесе үш мақала сериясы. Мақалалардың біреуінде докторант бірінші авторы немесе корреспонденциялаушы автор болуы керек.

Осы тармақтың талаптары орындалған жағдайда 3.3-тармақтың талаптары докторант үшін қолданылмайды.

3.2 Докторантураның білім беру бағдарламаларын толық меңгерген, диссертациялық жұмыстары аяқталған немесе дәрежелер беру қағидаларының талаптарына сәйкес орындалған мақалалар сериясын (топтамасын) ұсынған докторанттардың диссертациялық жұмыстары қорғауға жіберіледі.

Диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда қорғауға ұсынылатын мақалалар бір докторантқа есептеледі. Мақалалар түпнұсқалық ғылыми нәтижелерді қамтуы және диссертациялық зерттеудің бекітілген тақырыбы бойынша жариялануы тиіс.

3.3 Философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынылған диссертацияның негізгі ғылыми нәтижелері диссертация қорғалғанға дейін Ғылыми қызметтің негізгі нәтижелерін жариялау үшін ұсынылатын ғылыми басылымдар тізбесіне (бұдан әрі – Басылымдар тізбесі) енгізілген ғылыми басылымдарда және (немесе) халықаралық рецензияланатын ғылыми журналда жарияланады.

Халықаралық рецензияланатын ғылыми журнал Journal Citation Reports (бұдан әрі – JCR) деректері бойынша импакт-факторға ие және Clarivate Analytics компаниясының Web of Science Core Collection (Arts and Humanities Citation Index бөлімдері), Science Citation Index Expanded, Social Sciences Citation Index деректер базасында индекстеледі немесе диссертацияның мазмұнына сәйкес келетін ғылыми салалардың бірі бойынша Scopus деректер базасында CiteScore бойынша белгілі бір процентильге ие.

Қорғауға жіберу үшін жарияланымдар бойынша талаптар:

1) JCR деректері бойынша импакт-факторы бар және Web of Science Core Collection (Arts and Humanities Citation Index бөлімдері), Science Citation Index Expanded, Social Sciences Citation Index деректер базасында индекстелетін) немесе Scopus деректер базасында CiteScore бойынша процентиль көрсеткіші кемінде **25** (жиырма бес) болатын халықаралық рецензияланатын ғылыми журналда кемінде 1 (бір) мақала немесе шолуы және Басылымдар тізбесіндегі журналдарда **3** (үш) мақала;

2) не Web of Science Core Collection (Arts and Humanities Citation Index бөлімдері), Science Citation Index Expanded, Social Sciences Citation Index деректер базасында индекстелетін және JCR деректеріне сәйкес импакт-фактор бойынша алғашқы **үш квартильге** кіретін немесе Scopus деректер базасында Citescore бойынша процентиль көрсеткіші кемінде **35** (отыз бес) болатын халықаралық рецензияланатын ғылыми журналда кемінде **2 (екі) мақала** немесе **1 (бір) мақала** және **1 (бір) шолу**;

3) не Elsevier, Brill, CRC Press, DeGruyter, Edward Elgar Publishing, John Wiley & Sons, McGraw Hill, Palgrave Macmillan, Peter Lang, Prentice Hall, Routledge, Sage Publications, Springer Nature, Taylor and Francis, Wolters Kluwer **баспаларында** (бұдан әрі – сенімді баспалар) немесе US News Best Global Universities Rankings немесе Academic Ranking of World Universities немесе Times Higher Education World University топ-100 рейтингіндегі университет баспасында шығарылған **монографияда** тараудың болуы (докторантқа кемінде **1** баспа табақ тиесілі).

4) не JCR деректері бойынша импакт-факторы бар алғашқы екі квартильге кіретін немесе Scopus деректер базасында Citescore бойынша процентиль көрсеткіші кемінде **35** (отыз бес) болатын халықаралық рецензияланатын ғылыми журналда кемінде **1 (бір) мақала** (article) және JCR деректері бойынша импакт-факторға ие және Web of Science Core Collection деректер базасында индекстелетін халықаралық ғылыми конференция материалдарында **1 (бір) мақала** (Conference paper);

Бұл ретте, 8D01 Педагогикалық ғылымдар және 8D02 Өнер және гуманитарлық ғылымдар дайындық салаларының "8D017 – Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау", "8D016 – Тарих педагогтерін даярлау" және "8D060 – Филология", "8D050 – Философия және этика" және "8D053 – Тарих" білім беру бағдарламалары топтарының (бұдан әрі – ББТ) қазақ тілі мен әдебиетіне, қазақ филологиясына, Қазақстан тарихына, қазақ философиясына қатысты білім беру бағдарламалары бойынша қорғауға жіберу үшін келесі жарияланымдар талап етіледі:

1) Arts and Humanities Citation Index бөлімі бойынша Web of Science Core Collection деректер базасында индекстелетін немесе Scopus деректер базасында Citescore бойынша процентиль көрсеткіші кемінде 25 (жиырма бес) болатын халықаралық рецензияланатын ғылыми журналда кемінде **1 (бір) мақала** немесе шолу және Басылымдар тізбесіндегі журналдарда **3 (үш) мақала**;

2) не Басылымдар тізбесіндегі журналдарда кемінде **5 (бес) мақала**, олардың бірі ағылшын тілінде және халықаралық ғылыми конференцияларда ауызша немесе стендтік баяндамамен **2 (екі) сөз** сөйлеу.

JCR деректеріне сәйкес импакт-фактор бойынша **бірінші** квартильге кіретін журналда бір ғылыми мақала болған жағдайда басқа жарияланымдар талап етілмейді.

Халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдардағы, конференция жинақтарындағы жарияланымдар диссертацияның мазмұнына және аталған базаларда мәлімделген журнал мен конференцияның тақырыптық бағытына сәйкес келеді, журналдың ресми сайтында, ағымдағы нөмірлерінде жарияланады және Article (мақала), Review (шолу) немесе Article in Press (басылымдағы мақала), Conference Paper, Proceedings типіне ие. Пәнаралық бағыты бар халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдарда жариялауға рұқсат етіледі (Multidisciplinary, Interdisciplinary, General, Miscellaneous).

Web of Science базасындағы журналдың квартилі және (немесе) Scopus базасындағы CiteScore бойынша процентиль жарияланған жыл не жарияланған жылдың алдындағы жыл үшін не диссертацияны қорғау сәтінде ескеріледі.

4. Диссертациялық кеңестердің функциялары

4.1. Диссертациялық кеңестердің функциялары:

1) диссертацияны қорғауға құжаттарды қабылдау;
2) диссертациялық кеңестің уақытша мүшелерін, қорғау күндері мен ресми рецензенттерін тағайындау (Ғылым департаментіне қарасты ҒЗЖ және ғылыми кадрларды даярлау басқармасымен келісіліп, ДК –тің уақытша мүшелері мен ресми рецензенттерін бекіту туралы бұйрық шығарылады).

3) диссертациялық кеңестің құрамынан докторанттың авторы мен дереккөзіне сілтеме жасалмаған бөтен материалды пайдаланғанын (плагиат) тексеру үшін комиссия (бұдан әрі – Диссертациялық кеңестің комиссиясы) құрады;

4) докторлық диссертацияны ашық түрде қорғаудан өткізу;

5) диссертация туралы шешім қабылдау.

4.2 Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысының функциялары:

1) қорғауға қабылдау және қорғауды өткізу рәсімдерін ұйымдастыру;

2) диссертацияны "Антиплагиат" жүйесі бойынша тексеруге, ЖЖОКБҰ кітапханасына, ҚР Ұлттық академиялық кітапханасына және ҚР Ұлттық кітапханасына, ресми рецензенттерге жіберу;

3) диссертациялық кеңестің қызметі бойынша хат-хабарды жолдау;

4) диссертациялық кеңестің сайтында материалдар мен ақпаратты орналастыру;

5) диссертациялық кеңестің отырысын, оның ішінде бағдарламалық және техникалық құралдарды дайындау;

6) диссертациялық кеңестің құжаттарын ресімдеу;

Хат-хабарлар ғалым хатшының ресми корпоративтік поштасынан жолданады. Ғалым хатшының міндеттерін басқа адамдарға, оның ішінде докторантқа жүктеуге жол берілмейді.

4.3. Диссертациялық Кеңес мүшелері:

1) объективті, толық және дәйекті мәліметтерді ұсынады;

2) диссертацияға қатысты деректерді жасыруға жол бермейді;

3) ғылыми этиканың бұзылу фактілеріне назар аударады;

4) шешім қабылдағанда қоғамдық пікірдің, бір тараптың немесе үшінші тұлғаның әсеріне тәуелді болмайды;

5) мүдделер қақтығысының алдын алу және реттеу бойынша шаралар қабылдайды;

6) қызмет бабында кеңестің басқа мүшелерінің, докторанттардың, ғылыми кеңесшілер мен ресми рецензенттердің ары мен абыройына нұқсан келтіретін дөрекі, қорлайтын сөздерді, айыптауларды пайдаланбайды.

Осы тармақта көрсетілген талаптарды сақтамау фактілері анықталған жағдайда диссертациялық кеңестің мүшесі оның құрамынан шығарылады.

4.4. Диссертациялық Кеңес университет сайтында Диссертациялық кеңес қабылдаған шешімдер туралы тоқсан сайынғы есепті ұсынуды қамтамасыз етеді. Күнтізбелік жыл аяқталғаннан соң Диссертациялық кеңес ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетіне (бұдан әрі – Комитет) диссертациялық кеңестің жұмысы туралы есепті жібереді (5-қосымша).

5. Диссертацияларды қабылдау және қарау ережелері

5.1. Докторлық диссертацияларды қорғауға қабылдау және қарау рәсімі келесідей жүзеге асырылады:

Кафедраның кеңейтілген отырысында тыңдалады, оның нәтижесінде диссертация бойынша хаттамадан көшірме түрінде қорғауға ұсыну немесе ұсынбау туралы қорытынды шығарылады.

Кафедраның кеңейтілген отырысы докторант білім алған ЖЖОКБҰ-да өткізіледі.

Докторант оқыған ЖЖОКБҰ қорғауға құжаттарды қабылдауға дейін ЖЖОКБҰ кафедраның (бейінді бөлімшенің) не құрылымдық бөлімшесінің ғылыми (академиялық) кеңесінің кеңейтілген отырысында (бұдан әрі – кеңейтілген отырыс) диссертацияны алдын ала талқылауды өткізеді. Кафедраның кеңейтілген отырысында тыңдау шараларына докторантураның білім беру бағдарламаларын толық меңгерген, диссертацияны және ғылыми кеңесшілердің пікірлерін ұсынған докторанттар жіберіледі.

Кеңейтілген отырысы өткізуден дейін 1 (бір) ай бұрын диссертация докторанттың ғылыми зерттеу саласынан хабардар, ғылыми дәрежесі (ғылым докторы, ғылым кандидаты, философия докторы (PhD), докторанттың ғылыми зерттеу саласындағы бейіні бойынша доктор) бар 2 (екі) маманға рецензияға жолданады.

5.2. Кеңейтілген отырысқа бейінді (құрылымдық) бөлімше мүшелерінің кемінде 2/3-сі (үштен екісі), рецензенттер, құрылымдық бөлімшенің ғылыми немесе академиялық кеңесінің мүшелері, ғылыми кеңесшілер, сондай-ақ университеттің аралас (мәндес) кафедраларының және (немесе) құрылымдық бөлімшелерінің, ғылыми және басқа да ұйымдардың өкілдері, практик мамандар (қолданбалы сипаттағы диссертациялар үшін) қатысады. Диссертацияны қорғауға ұсыну туралы шешім жай көпшілік дауыспен қабылданады. Егер диссертация Дәрежелер беру қағидаларының 4, 5 және (немесе) 6-тармақтарына сәйкес келмесе, диссертация қорғауға жіберілмейді.

Қорғауға ұсынылған диссертацияға берілген ескертулерді, докторант диссертациялық кеңеске тапсырғанға дейін жою қажет.

Докторант кеңейтілген кафедра талқылауынан 2 (екі) рет өтуге рұқсат етіледі. Алдағы кеңейтілген отырыс туралы хабарлама оның өткізілуінен 10 күн бұрын университеттің интернет-ресурстарында орналастырылады.

Отырыста ғылыми кеңесшілер болмаған жағдайда, докторант диссертациясы бойынша олардың пікірлерін төрағалық етуші немесе хатшы оқиды.

5.3. Диссертация бойынша қорғауға ұсыну немесе ұсынбау туралы қорытынды кафедраның кеңейтілген отырысының хаттамасынан көшірме түрінде рәсімделеді, отырыстың төрағасы мен хатшысы қол қояды, жетекшілік ететін проректор растайды және бекітеді. Қорытындыда зерттеу тақырыбының өзектілігі, ғылыми нәтижелері және олардың негізділігі, ғылыми нәтижелердің практикалық және теориялық маңыздылығы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы №127 бұйрығымен бекітілген «Дәрежелер беру қағидаларының» 5, 5-1 және 6-тармақтарына сәйкес диссертация материалдарының баспасөзде жариялануының толықтығы, ескертулер мен ұсыныстар, қорғауға ұсыну немесе ұсынбау туралы қорытынды болуы тиіс.

5.4. Диссертациялық кеңесті таңдау және диссертацияны қорғауға қабылдау туралы ректордың атына өтініш (кафедраның кеңейтілген отырысының оң қорытындысын алған жағдайда).

Егер докторант басқа ЖЖОКБҰ -ның диссертациялық кеңесін таңдаған жағдайда оның құжаттары 10 (он) жұмыс күні ішінде таңдалған диссертациялық кеңеске жолданады. Докторант қорғау үшін таңдаған ЖЖОКБҰ-да ЖЖОКБҰ дербес бекіткен тәртіппен кеңейтілген отырыс өткізуге жол беріледі. Басқа ЖОО докторанттары, қорғауға құжаттарды қабылдағанға дейін 1 (бір) ай бұрын диссертациялық кеңес жанындағы ғылыми семинарда талқылаудан өтуі тиіс.

5.5. Диссертациялық кеңесте алдын ала қарау және одан әрі қорғау үшін қажетті құжаттарды жинау және рәсімдеу.

Диссертациялық кеңесте алдын ала қарау және одан әрі қорғау үшін докторант білім алған жоғары оқу орнының бланкісіндегі ілеспе хат және келесі құжаттар негіз болып табылады:

1) Диссертациялық кеңес төрағасының атына қорғауға қабылдау туралы өтініш (3 - қосымша);

2) Берік түптелген және электронды тасымалдағыштағы диссертация (егер диссертация диссертациялық жұмыс түрінде қорғалған болса);

3) қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі аннотация. Аннотацияда қорғауға шығарылатын диссертациялық зерттеудің тақырыбы, мақсаты, зерттеу міндеттері, зерттеу әдістері, негізгі ережелері (дәлелденген ғылыми гипотезалар және жаңа білім болып табылатын басқа да тұжырымдар), зерттеудің негізгі нәтижелерінің сипаттамасы, алынған нәтижелердің жаңашылдығы мен маңыздылығының негіздемесі, ғылымның даму бағыттарына немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі, докторанттың әрбір жарияланымды дайындауға қосқан үлесінің сипаттамасы жазылады;

4) Отандық және шетелдік ғылыми кеңесшілерінің пікірлері;

5) Диссертация дайындалған кафедраның кеңейтілген мәжілісінің оң шешімі және қорғауға ұсынысы бар хаттамасы;

6) Докторант білім алған ЖЖОКБҰ ғалым хатшысымен бекітілген ғылыми еңбектер тізімі мен олардың көшірмелері;

7) Докторант білім алған ЖЖОКБҰ кадрлық қызметімен куәландырылған жеке іс парағы;

8) Докторант білім алған ЖЖОКБҰ-ның диссертация тақырыбы мен ғылыми кеңесшілерін бекіту туралы, қорғауға жіберу туралы бұйрықтарының көшірмелері;

9) Докторантураның кәсіптік оқу бағдарламаларын меңгергені туралы транскриптің көшірмесі;

10) Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы диплом мен қосымшаларының нотариалды куәландырылған көшірмелері.

11) Докторант оқыған ЖЖОКБҰ-ның Этикалық комиссиясының зерттеу объектілерінің (жанды табиғат пен тіршілік ортасының объектілері) құқықтарын, қауіпсіздігі мен саулығын қорғауды қоса алғанда, ғылыми-зерттеу нәтижелерін жоспарлау, бағалау, іріктеу, жүргізу және тарату процесіндегі бұзушылықтардың болмауы туралы қорытындысы.

Диссертация қазақ, немесе орыс, немесе ағылшын тілдерінде ұсынылады.

Осы бөлімде көрсетілген құжаттарды диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы тіркейді және 2 (екі) жұмыс күнінен кем емес мерзімде диссертациялық кеңеске ұсынады.

5.6. Диссертацияның қорғалу күні және екі ресми рецензентті тағайындау.

Диссертацияны қорғауға қабылдау жөніндегі диссертациялық кеңестің отырысында кеңестің тұрақты құрамы осы Ереженің талаптарына сәйкес диссертациялық кеңестің уақытша мүшелерін тағайындайды.

Құжаттар қабылданған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей диссертациялық кеңес диссертацияны қорғау күнін белгілейді және ғылыми дәрежесі (ғылым докторы, ғылым кандидаты, философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор) немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор академиялық дәрежесі немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесі бар 2 (екі) ресми рецензентті тағайындайды. Рецензенттерде докторанттың зерттеу саласы бойынша Комитеттің Басылымдар тізбесіне және/немесе Web of Science Core Collection немесе Scopus, деректер

базасына енгізілген журналдарда және /немесе шетелдік рецензияланатын басылымдарда 5 (бес) ғылыми мақаласы немесе 1 (бір) монографиясы (жеке жазылған) болуы қажет.

Қорғау мерзімі қорғау уақыты белгіленген күннен бастап 3 (үш) ай уақыттан аспауы тиіс. Қорғау күнін белгілеу кезінде докторанттар құжаттарының түсу кезегі сақталады.

5.7. Диссертациялық кеңес ресми рецензенттерді тағайындау барысында, ресми рецензенттердің, ғылыми кеңесшілерінің бір-біріне тәуелсіз ұстанымдарын басшылыққа алады.

Ресми рецензенттер ретінде белгіленбейді:

1) Комитет қызметкерлері;

2) докторанттың диссертация тақырыбы бойынша жарияланған жұмыстарының тең авторлары;

3) диссертация орындалған құрылымдық бөлім және (немесе) ғылыми ұйым жетекшілері мен қызметкерлері, докторант тапсырыс беруші немесе орындаушы (тең орындаушы) болып табылатын ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізілген ұйым қызметкерлері;

4) соңғы 3 (үш) жылда диссертацияның мазмұны бойынша Комитеттің теріс шешімін алған диссертациялар бойынша оң қорытынды берген ғылыми консультанттар немесе ресми рецензенттер болған мамандар.

5) жақын туыстар – ата-аналар (ата-ана), балалар, асырап алушылар, асырап алынғандар, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек ағалы-інілер мен апалы-сіңділер (аға-қарындастар), ата, әже, немерелер.

5.8. Университеттің интернет-көзінде докторанттың қорғауы бойынша материалдарды орналастыру.

Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы университеттің интернет-ресурсында докторанттардың қорғауы және кеңестің қызметі туралы келесі материалдарды орналастырады:

1) докторант, диссертациялық кеңестің уақытша мүшелері және ресми рецензенттер туралы ақпаратты, диссертацияны ұсыну нысанын, мекенжайын, күні мен уақытын (белгіленген қорғау күніне дейін 1 (бір) ай бұрын, тұрақты негізде қолжетімді болады) көрсете отырып, алдағы қорғау туралы хабарлама;

2) диссертация (қорғаудың белгіленген күніне дейін 1 (бір) ай бұрын), сондай-ақ оның диссертациялық кеңестің ескертулері бойынша титул парағында тиісті белгілері бар пысықталған барлық нұсқалары (тұрақты негізде қолжетімді);

3) жалпы көлемі 18 беттен аспайтын қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі аннотация (белгіленген қорғау күніне дейін 1 (бір) ай бұрын). Аннотацияда қорғауға шығарылатын диссертациялық зерттеудің тақырыбы, мақсаты, зерттеу міндеттері, зерттеу әдістері, негізгі ережелері (дәлелденген ғылыми гипотезалар және жаңа білім болып табылатын басқа да тұжырымдар), зерттеудің негізгі нәтижелерінің сипаттамасы, алынған нәтижелердің жаңалығы мен маңыздылығының негіздемесі, ғылымның даму бағыттарына немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі, докторанттың әрбір жарияланымды дайындауға қосқан үлесінің сипаттамасы жазылады;

4) докторант жарияланымдарының тізімі (белгіленген қорғау күнінен 1(бір) ай бұрын)

5) ғылыми кеңесшілерінің пікірлері (белгіленген қорғау күнінен 1(бір) ай бұрын), қорғаудан кейін кемінде 5 (бес) жыл бойы қолжетімді;

6) ғылыми кеңесшілердің қорғаудан кейін 5 (бес) ай ішінде қолжетімді болатын пікірлері 4 -қосымша (белгіленген қорғау күнінен 1 (бір) ай бұрын);

7) қорғаудың бейнежазбасы толық көлемде, монтажға жол берілмейді (қорғаудан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде орналастырылады және қорғаудан кейін кемінде 5 (бес) жыл бойы қолжетімді);

8) диссертациялық кеңестің диссертациялық жұмысты пысықтауға, қайта қорғауға жіберу туралы немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін беруден бас тарту туралы қорытындысы (қорғаудан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде орналастырылады және қорғаудан кейін кемінде 5 (ай) ішінде қолжетімді);

9) апелляциялық комиссияның шешімі (болған жағдайда, шешім қабылдағаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде орналастырылады және шешім қабылдағаннан кейін кемінде 5 (ай) ішінде қолжетімді);

10) осы ережеге *5-қосымшаға* сәйкес диссертациялық кеңестің жұмысы туралы есеп (күнтізбелік жыл аяқталғаннан кейін 15 (он бес) жұмыс күні ішінде орналастырылады);

11) осы ережеге *6-қосымшаға* сәйкес диссертациялық кеңестердің философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежелерін беру (беруден бас тарту) жөніндегі шешімдері туралы тоқсандық есеп (ерекше мәртебесі бар ЖОО-лар жанындағы диссертациялық кеңестер үшін). Тоқсандық есеп тоқсан аяқталғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде орналастырылады және диссертациялық кеңестің қызметі мерзімінде қолжетімді;

12) философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін беру туралы дипломды беруді ұйымдастыру жөніндегі мәліметтер;

13) қорғаулар өткізу күнінің, уақытының, орнының өзгеруі және ресми рецензенттердің ауысуы туралы хабарландыру (болған жағдайда);

14) диссертациялық кеңестің құрамы туралы ақпарат және диссертациялық кеңес қызметінің тәртібі;

15) қолданыс мерзімдерін көрсете отырып, мәтінді пайдалануды анықтаудың лицензиялық жүйелерінің, оның ішінде халықаралық деректер базалары бойынша лицензиялық жүйелерінің бар болуы туралы ақпарат;

16) докторант оқыған ЖОО-ның жанындағы Этикалық комиссияның зерттеу объектілерінің (жанды табиғат пен тіршілік ортасының объектілері) құқықтарын, қауіпсіздігі мен саулығын қорғауды қоса алғанда, ғылыми зерттеу нәтижелерін жоспарлау, бағалау, іріктеу, жүргізу және тарату процесіндегі бұзушылықтардың болмауы туралы қорытындысы (осы ережеге *7-қосымшаға* сәйкес);

17) диссертациялық кеңестің бейнеконференция нысанындағы online (онлайн) отырысын өткізуді ұйымдастыру жөніндегі ақпарат.

Диссертациялық жұмыс ЖОО-ның интернет-ресурсында орналастырылғаннан және (немесе) диссертация қабылдағаннан кейін оған өзгерістер енгізуге жол берілмейді. Диссертациялық жұмыс пысықталған жағдайда оның соңғы нұсқасы философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін беру туралы шешім қабылданғаннан кейін ЖОО-ның интернет-ресурсында «Диссертациялық жұмыстың соңғы нұсқасы» деген белгімен орналастырылады.

Интернет-ресурсында диссертация мазмұны бойынша бейресми пікірлерді орналастыру мүмкіндігі қамтамасыз етіледі, кейін олар қорғауға ұсынылады. Авторын белгілеу мүмкін емес және автордың электронды поштасы көрсетілмеген бейресми пікірлер қорғауда ұсынылмайды.

Теріс бағалы бейресми пікірлер авторы көрсетіліп, қорғауға дейін 30 күннен кем емес мерзімде ұсынылуы тиіс.

Диссертациялық кеңес Комитетке қорғау туралы хабарламаны қорғауға қабылдау күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде жолдайды.

5.9. Диссертацияны докторанттың көшірме материалды (плагиат) пайдалану бойынша тексеріске жіберу.

Қорғауға қабылданғаннан кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде диссертациялық кеңес докторанттың отандық және халықаралық деректер базалары бойынша плагиатты пайдалануын тексеру үшін диссертацияны "Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығы" АҚ-ға (бұдан әрі - ҰМҒТСО) жібереді. Тақырып беті және қолданылған әдебиеттер тізімі плагиатқа тексерілмейді.

ҰМҒТСО диссертация түскен күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде оның мәтінін ашық қолжетімді түрде өзінің интернет-ресурсында орналастырады. Диссертация тұрақты күйде қолжетімді болады.

5.10. ҰМҒТСО анықтамасында, ресми рецензенттер және университеттің интернет-көзіндегі бейресми пікірлерінде плагиат фактілері көрсетілген жағдайда диссертацияны плагиатқа тексеретін диссертациялық кеңес Комиссиясы құрылады (ары қарай - Комиссия). Комиссия 3 адамнан құралады:

- 1) Диссертациялық кеңес төрағасы,
- 2) Диссертациялық кеңес мүшесі – Абай атындағы ҚазҰПУ өкілі;
- 3) Диссертациялық кеңес мүшесі – басқа ЖОО өкілі немесе ғылыми және өзге ұйымдар.

Тексеру туралы қорытынды диссертациялық кеңеске қорғауға дейін 8 (сегіз) жұмыс күнінен кешіктірілмей ұсынылады.

Авторы және дереккөзіне сілтеме жасамай материал пайдалану анықталған жағдайда, диссертациялық жұмыс қорғауға жіберілмейді.

5.11. Университет кітапханасына диссертацияның данасын қағаз және электронды тасымалдағышта ұсыну.

Қорғаудан соң 7 (жеті) жұмыс күні ішінде диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы электронды тасымалдағыштағы диссертация даналарын Қазақстан Республикасы Ұлттық академиялық кітапханасы және Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасына жібереді.

5.12. Ресми рецензенттер диссертация мен жарияланған жұмыстарды зерделеу негізінде диссертациялық кеңеске жазбаша пікірлерін ұсынады (4-қосымша).

Егер диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалатын болса, ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша мақалаларының ғылыми деңгейін зерделейді. Егер мақаланың 2/3 және одан көп бөлігі докторанттың зерттеу тақырыбымен байланысы болмаса, оны ресми рецензент ескермейді.

Ресми рецензенттер пікірлерінде мына шешімдердің бірін көрсетеді:

- 1) философия докторы (PhD) дәрежесін беру;
- 2) егер диссертация Қағидалардың 4 және (немесе) 6-тармақтарына сәйкес келмесе және (немесе) Қағидалардың 5-тармағында көрсетілген қағидаттарға (академиялық адалдық қағидатын қоспағанда) ішінара сәйкес келсе және (немесе) онда түзетуді талап ететін ескертулер болса диссертацияны пысықтауға жіберу. Диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалатын жағдайда диссертация пысықтауға жіберілмейді;

- 3) егер академиялық адалдық қағидаты бұзылған немесе ғылыми жаңашылдық, ішкі бірлік және дәйектілік қағидаттарына сәйкес келмеген болса философия докторы (PhD) дәрежесін беруден бас тарту.

Ресми рецензенттер пікірлерінің көшірмелері докторантқа диссертация қорғауға дейін кемінде 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірілмей беріледі.

Ресми рецензенттер жазбаша түрде бас тартқан немесе рецензиялауға мүмкіндік болмаған жағдайда ауыстырылады. Егер ресми рецензентті ауыстыру туралы шешім 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктіріліп қабылданса, қорғау күні ауыстырылады.

5.13. Диссертациялық кеңестің қорғауға жіберу туралы шешімді қабылдауы.

Диссертациялық кеңестің Комиссиясының қорытындысы негізінде диссертациялық кеңес (қорғауға дейін 7 (жеті) жұмыс күнінен кешіктірмей) докторантты қорғауға жібереді немесе диссертацияны қорғаудан алып тастайды. Қабылданған шешім туралы диссертациялық кеңес докторантқа 2 (екі) жұмыс күні ішінде хабарлайды және тиісті ақпарат университеттің интернет-ресурсында орналастырылады (мемлекеттік құпиялары бар немесе қызметтік бапта пайдалану үшін диссертациялардан қорғалған жайдайдан басқа).

Докторант диссертациялық жұмысын бекітілен қорғау күніне дейін 7 (жеті) жұмыс күнінен кешіктірмей қорғаудан алып тастауға мүмкіндігі бар.

6. Диссертациялық кеңес жұмысының тәртібі

6.1. Диссертациялық кеңес мәжілісі диссертациялық кеңес төрағасының жетекшілігімен өткізіледі.

Диссертациялық кеңестің төрағасы, төраға орынбасары және ғалым хатшысы өздері ғылыми кеңесшілер болып табылған жағдайда олар диссертацияны қарастыру кезінде диссертациялық кеңестің отырысында өз міндеттерін орындай алмайды. Диссертациялық кеңес төрағасының міндеттерін орындау диссертациялық кеңес шешімімен төраға орынбасарына, төраға орынбасары және ғалым хатшының міндеттерін орындау кеңес мүшелеріне жүктеледі.

Диссертациялық кеңес төрағасы, төраға орынбасары және ғалым хатшысы бір мезгілде болмаған жағдайда кеңестің отырысы өткізілмейді.

Диссертациялық кеңес диссертация қорғалуының бейнежазбаға түсірілуін толық көлемде қамтамасыз етеді, монтаж жасауға жол берілмейді.

6.2. Диссертациялық кеңестің отырысы егер оның жұмысына мүшелерінің кемінде 2/3-і (үштен екісі) қатысқанда заңды болып саналады. Ресми рецензенттердің және диссертациялық кеңестің уақытша тағайындалған мүшелерінің отырысқа қатысуы міндетті болып табылады.

Диссертациялық кеңес мүшелері және ресми рецензенттер қорғауға бейнеконференция нысанында қатыса алады.

Диссертацияны ашық қорғау интернет желісінде тікелей онлайн трансляция режимінде өтеді.

Отырысқа практикалық саланың шақырылған мамандарының қатысуына жол беріледі (диссертация қолданбалы сипатта болса).

6.3. Диссертациялық кеңес докторантқа, диссертациялық кеңес мүшелеріне, ресми рецензенттерге диссертациялық кеңес отырысын бейнеконференция нысанында өткізетіні туралы электрондық пошта және кеңестің сайтында хабарлама беру арқылы диссертация қорғауға кем дегенде 5 (бес) жұмыс күні қалғанда хабарлайды.

Диссертациялық кеңес отырысты бейнеконференция нысанында өткізгенде:

- отырысқа қатысатындардың визуалды идентификациясы;
- интернет желісінде отырысқа қатысушылар сөздерінің үздіксіз бейне - және аудио трансляциясы;
- отырыстың бейне - және аудиожазбасы;
- диссертациялық кеңес мүшелерінің жасырын дауыс беруі қамтамасыз етіледі.

6.4. Диссертацияны қорғау бойынша диссертациялық кеңес мәжілісінің тәртібі 8-Қосымшаға сәйкес өткізіледі.

6.5. Диссертациялық кеңес келесі шешімдердің біреуін қабылдау үшін жасырын дауыс беруді жүргізеді:

- 1) (PhD) философия докторы дәрежесін беру;

2) диссертацияны пысықтауға жіберу (диссертация диссертациялық жұмыс нысанында қорғалған жағдайда ғана);

3) диссертацияны қайта қорғауға жіберу;

4) (PhD) философия докторы дәрежесін беруден бас тарту.

Диссертациялық жұмыс егер оны түзету жұмыстың мәнін өзгертпей, мәтін бойынша елеусіз ескертулер болған жағдайда пысықтауға ұсынылады. Егер диссертация Қағидалардың 4 және (немесе) 6-тармағына сәйкес келмесе және (немесе) Қағидалардың 5-тармағында көрсетілген қағидаттарға (академиялық адалдық қағидатын қоспағанда) ішінара сәйкес келсе, онда ол қайта қорғауға жіберіледі. Академиялық адалдық қағидаты бұзылған немесе ғылыми жаңалық, ішкі бірлік, дәйектілік қағидаттарына сәйкес келмеген жағдайда диссертация философия докторы (PhD) дәрежесін беруден бас тарту туралы шешім қабылданады.

6.6. Докторанттың ғылыми кеңесшілері, тікелей басшысы немесе жақын туысқандары болып есептелінетін диссертациялық кеңес мүшелері дауыс беруге қатыспайды. Жасырын дауыс беруде ресми рецензенттер қатысады, олардың дауыстары диссертациялық кеңес мүшелерінің дауыстарына тең.

Кеңестің философия докторы (PhD) дәрежесін беру туралы шешімі, егер оған дауыс беруге қатысқандардың 3/4 (төрттен үші) және одан көбі дауыс берсе, қабылданды деп саналады.

Кеңестің философия докторы (PhD) дәрежесін беруден бас тарту, диссертацияны пысықтауға не қайта қорғауға жолдау туралы шешімі, егер дауыс беруге қатысқандардың 2/3 (үштен екісі) және одан көбі дауыс берсе, қабылданды деп саналады. Егер дауыстар көрсетілген санға жетпесе, қайта дауыс беру өткізіледі, онда диссертацияны пысықтауға не, егер оған отырысқа қатысып отырған кеңес мүшелерінің көпшілігі дауыс берсе, қайта қорғауға жіберу туралы шешім қабылданады.

Қайта қорғауға жіберу немесе философия докторы (PhD) дәрежесін беруден бас тарту туралы шешім қабылданғанда диссертациялық кеңес диссертацияның осы Үлгі ереженің, Қағидаларының қандай талаптарына сәйкес келмейтіндігі көрсетілген қорытынды жасайды.

Диссертациялық жұмысты қайта қорғау алдындағы қорғаудан 6 айдан кем емес уақыт өткенде осы ережеде белгіленген тәртіппен өткізіледі. Диссертациялық кеңестің уақытша құрамы және ресми рецензенттер сақталады. Диссертация қайта қорғауға 2 (екі) реттен артық жіберілмейді.

Диссертацияны пысықтауға жіберу туралы шешім қабылданғанда диссертациялық кеңес диссертациялық жұмыс бойынша нақты ескертулер қамтылған қорытынды шығарады.

Пысықталған диссертациялық жұмыс диссертациялық кеңеске үш айлық мерзімде ұсынылады, оны 3 (үш) айдан артық мерзімге ұзартуға болмайды. Пысықтау мерзімін ұзарту туралы шешімді диссертациялық кеңес докторанттың өтініші негізінде қабылдайды. Егер пысықталған диссертациялық жұмыс белгіленген уақытта ұсынылмаса, докторант қайта қорғаудан өтеді.

Докторант диссертациялық кеңестің ескертулерімен толық не жартылай келіспейтін жағдайда ол берілген ескертулерге дәйектелген жауаптарын ұсынады.

Пысықталған диссертация ҰМҒТСО-ға плагиатқа тексеруге жіберіледі. ҰМҒТСО анықтамасын алғаннан кейін диссертациялық кеңес ресми рецензенттермен бірге пысықталған диссертациялық жұмысты және диссертациялық кеңестің ескертулерін жою мәніне ескертулерге жауаптарды (болған жағдайда) талқылау жөнінде отырыс өткізеді. Отырыс осы ереженің 6.2 -тармағында белгіленген тәртіппен өткізіледі. Бұл ретте интернетте онлайн трансляциясыз отырыстың бейнежазбасы жүргізіледі.

Талқылаудан кейін жай көпшілік дауыспен жасырын дауыс беру арқылы дәреже беру немесе қайта қорғауға жіберу туралы шешім қабылданады.

6.7. Теріс шешім қабылданған жағдайда диссертациялық кеңес диссертацияның осы Ереженің қандай талаптарына сәйкес келмейтіндігі көрсетілген қорытынды жасайды. Диссертациялық кеңестің философия докторы (PhD) дәрежесін беруден бас тарту туралы қорытындысы университеттің интернет-ресурсында орналастырылады.

6.8. Диссертациялық кеңестің теріс шешіміне апелляция.

Диссертациялық кеңестің теріс шешіміне апелляцияны докторант шешім қабылданған күннен бастап 2 (екі) ай ішінде ерікті нысанда беруіне болады. Аталған мерзім өткен соң апелляция қабылданбайды. Апелляция беру күнінен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде университет ректоры бұйрығымен апелляциялық комиссия құрылады (ары қарай - комиссия). Комиссия құрамына тиісті мамандыққа сәйкес ғылыми дәрежесі, философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесі бар 3 маман кіреді. Ғылыми кеңесшілер, рецензенттер, диссертациялық кеңес мүшелері комиссия мүшелері бола алмайды.

Комиссия өз қызметінде Диссертациялық кеңес туралы Ережені және Дәреже беру қағидаларын негізге алады. Комиссия апелляциялық өтініш, диссертация, диссертация қорғау бойынша диссертациялық кеңес материалдарын қарастырып, апелляция қорытындысы бойынша шешімді комиссия құрылуынан бастап 30 күнтізбелік күнде дайындайды. Апелляциялық комиссия қорытындысы ашық дауыс беру негізінде көпшілік дауыспен қабылданып, комиссияның барлық мүшелерінің қолы қойылып, өтініш берушіге қабылданған күннен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде хабарланады.

Апелляциялық комиссияның шешімі оның қабылдануынан кейін 5 жұмыс күні ішінде докторантқа хабарланып, университеттің интернет-ресурсына жарияланады.

Жұмысын апелляциялық комиссиясы қабылдамаған докторант бір жылдан кейін қайта қорғау құқығына ие болады.

Осы Ережеде қарастырылмаған даулар, сонымен қатар философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беруден бас тарту мәселелері сот тәртібімен, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес реттеледі.

7. Дәрежелерді беру ережесі

7.1. Университет диссертациялық кеңестің шешімі негізінде докторантқа философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру туралы тиісті бұйрықты шешім қабылданғаннан кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде шығарады.

7.2. Университет ректорының бұйрығымен философия докторы (PhD) дәрежесі берілген тұлғаларға университеттің Ғылыми кеңесімен бекітілген үлгіге сәйкес университет ректоры, диссертациялық кеңес төрағасы (төрайымы) және ғалым хатшының қолы қойылған дипломдар бұйрық шыққаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде беріледі. Университеттің интернет-ресурсында философия докторы (PhD) дәрежесін беру туралы ақпарат диссертациялық кеңес шешімі қабылданғаннан бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде орналастырылады.

8. Аттестациялық істің дайындалу тәртібі

8.1. Диссертацияны қорғау бойынша оң шешім қабылданған кезде диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы докторанттың аттестациялық ісін құжаттардың бекітілген тізіміне сәйкес рәсімдейді (9- Қосымша):

Осы аталған норманың орындалуы бойынша жауапкершілік Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысына жүктеледі.

Аттестациялық іс ғалым хатшыда бір жыл бойы сақталады, кейін Абай атындағы ҚазҰПУ мұрағатына қабылдау-өткізу актісі бойынша өткізіледі.

8.2. Барлық құжаттар қазақ немесе орыс тілдерінде болуы тиіс.

8.3. Қорғаудан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде құжаттар ҰМҒТСО-ға мемлекеттік тіркеуге жолданады:

- диссертацияның түптелмеген данасы, қағаз және электронды тасымалдағышта бір данадан;
- ілеспе хаты;
- үш тілдегі түйіндеме, қағаз және электронды тасымалдағышта бір данадан;
- ғылыми жарияланымдар тізімі, қағаз және электронды тасымалдағышта бір данадан;
- диссертацияның қазақ және орыс тілдеріндегі тіркеу-есептік карточкасы, қағаз және электронды тасымалдағышта 3 данадан (10 - қосымша).

9. Ерекше талаптар

9.1 Докторантураның білім беру бағдарламасының теориялық оқу курсы толық меңгерген, бірақ ДҒЗЖ (ДЭЗЖ) орындамаған докторантқа ДҒЗЖ (ДЭЗЖ) академиялық кредиттерін қайта меңгеруге және келесі жылдары диссертацияны ақылы негізде қорғауға мүмкіндік беріледі.

9.2 Докторантураның білім беру бағдарламасының теориялық оқу курсы толық меңгерген, ДҒЗЖ (ДЭЗЖ) орындаған, бірақ докторлық диссертация (жоба) қорғамаған докторантқа оқу нәтижелері және академиялық кредиттер беріледі және диссертациясын бітіргеннен кейін екі жыл ішінде тегін қорғауға, ал келесі жылдары кемінде 12 академиялық кредит көлемінде ақылы негізде қорғауға мүмкіндік беріледі.

Бұл ретте докторант бітіргеннен кейін 3 жыл өткен соң ақылы негізде диссертациялық зерттеудің ғылыми негіздемесі (research proposal) қайта бекітілгеннен кейін ғана қорғауға жіберіледі (МЖБС «Докторантура» бөлімінің 110-тармағы).

10. Қорытынды ережелер

10.1. Диссертациялық кеңес жұмысы бойынша жалпы жауапкершілік Диссертациялық кеңестің төрағасына жүктеледі.

10.2. Диссертациялық кеңес бойынша барлық құжаттар ғалым хатшыда бір жыл бойы сақталады, аталған мерзім өткен соң белгіленген тәртіп бойынша Абай атындағы ҚазҰПУ мұрағатына өткізіледі.

Абай атындағы ҚазҰПУ
жанындағы диссертациялық
кеңес туралы Ережеге 1-қосымша

Диссертациялық кеңес мүшелері туралы мәлімет

№	(Аты-жөні (мемлекеттік немесе орыс тілдерінде және ағылшын тілінде)	Дәрежесі, ғылыми атағы	Негізгі жұмыс орны	Азамат тығы	Web of Science немесе Scopus ақпараттық базасының мәліметтері бойынша Хирш индексі	Clarivate Analytics компаниясының Journal Citation Reports деректері бойынша біріншіш квартильге кіретін немесе Scopus деректер базасында CiteScore бойынша процентиль көрсеткіші кемінде 35 болатын басылымдарда жарияланымдар	Баспа тізбесіндегі журналдардағы жарияланымдар
1	2	3	4	5	6	7	8

Диссертациялық кеңес мүшелерінің еңбекақы төлемі

№	Атауы	Сомасы	Уақыты	Ескерту
1	Төраға	5 АЕК	1 сағат	
2	Төраға орынбасары	4 АЕК	1 сағат	
3	ДК мүшесі	4 АЕК	1 сағат	
4	Ғалым хатшы	5 АЕК	1 сағат	
5	Ресми рецензент	5 АЕК	1 сағат	

Диссертациялық кеңес жұмысының ұзақтығы 2 сағаттан кем емес.

Абай атындағы ҚазҰПУ жанындағы
диссертациялық кеңес туралы
Ережеге 3-қосымша

20__ жылы _____
(базасында диссертациялық кеңес құрылған ұйым атауы)

базасында _____ мамандығы бойынша

_____ (диссертациялық кеңес шифры)

философия докторы (PhD) дәрежесін беру үшін
құрылған диссертациялық кеңестің төрағасына

_____ (аты-жөні)

Өтініш*

Сізден _____ білім беру бағдарламасы
(білім беру бағдарламасы (мамандық) атауы, шифры)

бойынша доктор дәрежесін алу үшін жазылған _____

_____ тақырыбындағы
(диссертация тақырыбы)

диссертациялық жұмысымды қарауға және қорғауға қабылдауыңызды сұраймын.

Жұмыс қорғауға алғашқы рет (қайта) ұсынылып отыр.

Менің жеке деректерімді аттестациялауға қосу және одан әрі өңдеуге келісемін.
Арнайы көрсетілмеген жағдайлардан басқа қорғауға ұсынылған барлық деректер мен
нәтижелер шынайы және түпнұсқа екендігін және жеке өзімнің алғандығымды растаймын.

Нөмірі, қолы.

* Докторант өтініші қолмен жазылады.

Ресми рецензенттің жазбаша пікірі

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген. 4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды 4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді 4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ 4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан	

		<p>белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) сыни талдау бар; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ. 	
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады) 	
		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады) 	
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады) 	
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. <p>7.3 Жаңа ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес. <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) тар; 2) орташа; 3) кең; 	

		4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес. 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) ия; 2) жоқ.	
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ.	
		8.2 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ.	
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған	
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз	
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия; 2) жоқ.	
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ.	
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады).	
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	

11.	Диссертацияға ескертулер	
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)	
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы ереженің 5.12 тармағына сәйкес)	

Диссертациялық кеңестің жұмысы туралы есеп

_____ жанындағы

(университеттің атауы)

_____ кадрларды даярлау бағыты бойынша
_____ диссертациялық кеңесі

Есеп келесі мәліметтерді қамтиды:

1. Өткізілетін саны туралы мәліметтер.
2. Диссертациялық кеңес отырыстарының жартысынан кем қатысқан кеңес мүшелерінің аты-жөні (болған жағдайда).
3. Оқу орны көрсетілген докторанттардың тізімі.
4. Есеп беру жылы бойына диссертациялық кеңес келесі бөлімдерін бөліп қарағаны туралы диссертациялық жұмыстардың қысқаша талдауы:
 - 1) қаралған жұмыстар тақырыптарын талдау;
 - 2) «Ғылым туралы» Заңның 18-бабының 3-тармағына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссияның бақылауымен қалыптасқан ғылымның даму бағыттары мен диссертация тақырыбының өзара байланысы;
 - 3) диссертациялардың нәтижесін іс-тәжірибеде қолдануды ендіру деңгейін талдау.
5. Ресми рецензенттер жұмысын талдау (ең сапасыз пікір мысалдарымен бірге).
6. Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру бойынша ұсыныстар.
7. Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежелерін алу үшін әзірленген диссертациялардың саны:
 - 1) қорғауға қабылданған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО-ның докторанттарынан);
 - 2) қараудан алынып тасталған диссертациялар (оның ішінде басқа жоғары оқу орындарының докторанттарынан);
 - 3) рецензенттің теріс пікірлері алынған диссертациялар (оның ішінде басқа жоғары оқу орындарының докторанттарынан);
 - 4) қорғау нәтижесі бойынша теріс шешімге ие болған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО-ны докторанттарынан);
 - 5) пысықтауға жіберілген диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының);
 - 6) қайта қорғауға жіберілген диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының).

Диссертациялық кеңестің төрағасы _____
(қолы, аты-жөні)

Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы _____
(қолы, аты-жөні)

Мөр орны, күні " ____ " _____ 20 ____ жыл

Этикалық комиссияның қорытындысы _____
ЖОО атауы

1.	Докторанттың ТАӘ	
2.	Докторантура мамандығы (білім беру бағдарламасы)	
3.	Докторантурада оқу кезеңі	
4.	Диссертация тақырыбы, бекіту мерзімі	
5.	Ғылыми кеңесшілер туралы деректер – Т.А.Ә. (болған жағдайда), жұмыс орны және лауазымы, ғылыми дәрежелері, азаматтығы	
6.	Зерттеу объектілері	
7.	Ғылыми зерттеулерді жоспарлау, бағалау, іріктеу және жүргізу процесіндегі бұзушылықтар	Бұзушылықтар анықталды немесе анықталмады. Анықталған жағдайда оларды көрсету қажет
8.	Ғылыми зерттеу нәтижелерін е тарату процесіндегі бұзушылықтар	Бұзушылықтар анықталды немесе анықталмады. Анықталған жағдайда оларды көрсету қажет
9.	Зерттеу объектілерінің (жанды табиғат пен тіршілік ортасының объектілері болғанда) құқықтарын, қауіпсіздігі мен саулығын қорғау қалай жүргізілді?	

Этикалық комиссияның төрағасы _____
(қолы, тегі және аты-жөнінің бірінші әріптері)

Этикалық комиссияның хатшысы _____
(қолы, тегі және аты-жөнінің бірінші әріптері)

Диссертациялық кеңес отырыстарының рәсімдік тәртібі

Диссертацияларды қорғау бойынша Абай атындағы ҚазҰПУ диссертациялық кеңес отырысының тәртібі:

- 1) төрағаның кворум туралы (келу парағы негізінде), отырысты өткізу құқығы туралы, докторанттың аты-жөні, оқыған мамандығы мен қорғайтын мамандығы және диссертация тақырыбын таныстыру туралы кіріспе сөзі;
- 2) докторант ғылыми жарияланымдарының түгелдігі, құжаттарының нормативтік талаптарға сәйкестігі туралы ғалым хатшының сөзі;
- 3) докторанттың қорғауы (баяндама 20 минутқа дейін);
- 4) докторанттың кеңес мүшелерінің сұрақтарына жауаптары;
- 5) ғылыми кеңесшілердің шығып сөйлеуі;
- 6) сарапшылардың (рецензенттердің) шығып сөйлеуі;
- 7) рецензенттердің ескертулеріне докторанттың жауаптары және олардың ұсыныстарына қорытындылары;
- 8) диссертациялық кеңес мүшелерінің талқылауы;
- 9) докторанттың соңғы сөзі;
- 10) төрағаны қоспағанда, диссертациялық кеңестен 3 адамға дейін есептеу комиссиясын сайлау;
- 11) өтініш бойынша дәреже беру туралы жасырын дауыс беру;
- 12) жасырын дауыс беру қорытындылары бойынша есеп комиссиясы төрағасының шығып сөйлеуі, есеп комиссиясының хаттамасын бекітуі;
- 13) көпшілік алдында қорғау нәтижелерін жария ету;
- 14) диссертацияны қорғау бойынша диссертациялық кеңестің қорытындысын қабылдау.

Аттестациялық іске қажет құжаттар тізімі:

- 1) докторанттың аттестациялық іс құжаттарының тізімі;
- 2) берік түптелген диссертация мен электрондық тасымалдағыштағы диссертация (CD-ROM);
- 3) докторант оқыған университеттің немесе факультеттің ғалым хатшысы мақұлдаған ғылыми жұмыстардың тізімі және диссертация тақырыбы бойынша ғылыми жарияланымдардың көшірмелері;
- 4) жеке басты куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 5) қазақ және орыс тілдерінде осы Ереженің 8-қосымшасындағы нысанға сәйкес диссертацияның тіркеу-есеп карточкасы;
- 6) докторанттың плагиатқа диссертацияның тексерілгені туралы ҰМҒТСО -ның анықтамасы;
- 7) қызмет орнында куәландырылған ғылыми кеңесшілердің пікірлері;
- 8) қызмет орнында куәландырылған 2 ресми рецензенттің пікірі;
- 9) осы Ереженің 5-қосымшасына сәйкес нысан бойынша диссертациялық кеңес мүшелерінің келу парағы;
- 10) диссертацияны қорғау жөніндегі диссертациялық кеңес отырысының толық көлемдегі бейнежазбасы және диссертациялық кеңес төрағасының және ғалым хатшының қол қойған хаттамасы;
- 11) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы дипломдардың көшірмелері, оларға қосымшалары (транскрипттердің көшірмелері); (докторанттың тегі өзгерген жағдайда тегі өзгертілгенін растайтын құжат көрсетіледі);
- 12) докторантураның кәсіптік оқу бағдарламарын меңгергені туралы транскриптің көшірмесі;
- 13) диссертацияны плагиатқа тексерілгені туралы Абай атындағы ҚазҰПУ-дың анықтамасы;
- 14) докторанттың осы ереженің 12-қосымшасына сәйкес нысан бойынша докторант туралы ақпарат;
- 15) оқу орны бойынша сол жоғары оқу орнының кадрлік қызметте куәландырылған жеке іс парағы;
- 16) диссертациялық кеңес төрағасының бұрыштамасы бар докторанттың қорғауға жіберілу туралы өтініші;
- 17) диссертацияны қорғауға ұсыну туралы оң шешімі бар кафедраның кеңейтілген отырысының хаттамасы;
- 18) диссертациялық кеңестің қорытындысы;
- 19) диссертацияның көшірмелері кітапхана қорына тапсырылғаны туралы кітапхана анықтамасы;
- 20) диссертациялық кеңеске (басқа жоғары оқу орындарының докторанттарына) арналған ілеспе бағыттаушы-хаты;
- 21) диссертация тақырыбы мен ғылыми кеңесшілерді бекіту туралы және қорғауға жіберу туралы бұйрықтардың үзінді көшірмелері;
- 22) есеп комиссия отырысының хаттамалары және бюллетень;
- 23) философия докторы (PhD) дипломы мен қосымшасының көшірмесі;
- 24) мінездеме;
- 25) Этикалық комиссияның қорытындысы.

ТІРКЕУ-ЕСЕПТІК КАРТОЧКАСЫ

Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) (толық)			
Туылған жылы	Азаматтығы	Ұлты	Аттестациялық істің №
Диссертациялық кеңес		Шешім қабылданған күні, айы, жылы	Шешімнің №
Диссертация қорғалған ЖОО-ның атауы			
Дәрежені ізденуші		Білім беру бағдарламасы (мамандық) атауы	
Дәреже берілді		Дипломның №	
Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор			

Ескерту:

1. Мәтін 148x105мм форматтағы тығыз ақшыл қағаздан жасалған карточкада басылады.
2. «Аттестациялық істің №» және «Дәреже берілді» деген бағандар Абай атындағы ҚазҰПУ -да толтырылады.
3. Карточканың артқы жағында ізденушінің тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде көрсетіледі және оның қолымен расталады.

Диссертациялық кеңес мүшелерінің келу парағы

Докторант _____
(аты-жөні (болған жағдайда))

_____ кадрлар даярлау бағыты (мамандығы) бойынша докторлық диссертация қорғау жөніндегі

Диссертациялық кеңес мәжілісінің

" ____ " _____ 20__ ж. № _____ хаттамасы

Диссертациялық кеңес мүшелерінің аты-жөні (бар болған жағдайда)	Ғылыми дәрежесі	Мәжіліске қатысуы (қолы)
1	2	3

Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы _____
(қолы, аты-жөні)

Докторант туралы мәлімет

(аты-жөні)

			Сурет 3x4
1	Туған күні және жері, азаматтығы, ұлты		
2	Жоғары және жоғары оқудан кейінгі білімі туралы ақпарат		
3	Докторантура мамандығы		
4	Диссертацияның қорғалған орны және күні		
5	Диссертацияның тақырыбы және жазылған тілі		
6	Ғылыми кеңесшілер		
7	Ресми рецензенттер		
8	Жарияланымдар саны, барлығы, оның ішінде:		
	Комитет ұсынатын басылымдарда		
	Web of Science/Scopus базасындағы шетелдік басылымдарда		
	халықаралық конференция материалында, оның ішінде:		
	шетелдік конференция материалында		
9	Еңбек жолы		
	Қабылдау мерзімі	Босату мерзімі	Жұмыс орны, лауазымы
			Мекеменің мекен-жайы
10	Мекен-жайы, байланыс деректері		

Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы _____
(қолы, аты-жөні)

Мөр, күні « ___ » _____ 20 ___ ж.